ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ӘКІМДІГІ

АКИМАТ

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2018 жылғы 4 шілде

Шымкент қаласы

№ 198

город Шымкент

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік- аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №702 Жарлығына сәйкес Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарының ережелерін бекіту туралы» Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы №135 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22- қосымшаларында «Оңтүстік Қазақстан» деген сөздер тиісінше «Түркістан» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. «Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ережелері туралы» Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 қарашадағы №321 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2, 3, 4, 5, 6 - қосымшаларында «Оңтүстік Қазақстан» деген сөздер тиісінше «Түркістан» деген сөзбен ауыстырылсын.

3. Облыстық бюджеттен қаржыландыралатын атқарушы органдар заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

0000008

"Сі... Кі... 90 « 9 07 2018

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Ә.Е.Тұрғымбековке жүктелсін.

Облыс әкімі **Ж.Түймебаев**